Life's Good

LED TV
LH59**



www.lg.com

P/No: MFL69311633 (1603-REV00)
Printed in Korea

English

- Read **Safety and Reference**.
- For the power supply and power consumption, refer to the label attached to the product.

Русский

- Прочтите **Руководство по технике безопасности.**
- Требования параметров электропитания и значения потребляемой мощности указаны на информационном лейбле на задней крышке изделия.

Українська

- Прочитайте **Правила безпеки та довідкову інформацію**.
- Відомості щодо подачі живлення і споживання електроенергії дивіться на наліпці на виробі.

Қазақша

- **Қауіпсіздік нұсқаулығын** оқыңыз.
- Электр энергия және тұтыну параметр мәліметтерін өнімдегі жапсырмадан қараңыз.

O'zbekcha

- **Xavfsizlik bo'yicha ko'rsatmalar va havolalar** o'qib chiqing.
- Quvvat ta'minoti va quvvat iste'moli uchun mahsulotga yopishtirilgan yorliqqa qarang.

Монгол

- **Аюулгүй ажиллагааны зааварчилгаа** унш.
- Тэжээл, цахилгаан зарцуулалтын талаарх мэдээллийг бүтээгдэхүүний шошгоос харна уу.




1
2
A
B
3
a
4
5
b
6


ANTENNA/
CABLE IN
HDMI IN
HDMI IN/ARC
USB IN
LAN






Satellite IN
OPTICAL DIGITAL
AUDIO OUT
PCMCIA CARD SLOT




COMPONENT IN
VIDEO/Y
PB
PR
L/MONO
AUDIO R
Y
PB
PR
L
R
VIDEO
AUDIO


AV IN
VIDEO/Y
PB
PR
L/MONO
AUDIO R
VIDEO
L/MONO
AUDIO R




1
2
3
4


LG
Life's Good



	A (mm)	B (mm)	C (mm)	D (mm)	E (mm)	F (kg)	F - G (kg)
43LH590V-ZA	976	633	207.4	583	81.5	9.0	8.1
49LH590V-ZA	1108	707	207.4	657	81.5	12	11
Power requirement					AC 100-240 V ~ 50 / 60 Hz		

(Только для России)

Данные по энергоэффективности для моделей телевизоров LG

* Указанные модели телевизоров не имеют «выключенного режима» Для полного отключения телевизора - отсоедините его от сети питания.

Модель	Удельная мощность рабочего режима: Вт/см^2	Потребляемая мощность изделием в режиме ожидания: Вт	Потребляемая мощность изделием в выключенном режиме
43LH590V-ZA	0.012	0.5	отсутствует
49LH590V-ZA	0.011	0.5	отсутствует

MFL69311633

Life's Good

ИЕЛЕНУШІ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Қауіпсіздік нұсқаулық

LED TV*

* LCD артқы жағында LG LED TV LED де қолданылады.

Құрылғыны пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

EAC

www.lg.com

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар

Өнімді қолданар алдында осы сақтық шараларын мұқият оқып шығыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ



Теледидарды және қашықтан басқару құралын келесі орталарға қоймаңыз:

- Тікелей күн сәулесі түсетін жер
- Ылғалдылық жоғары аймақ, мысалы, ванна
- Пештер және жылуды тудыратын басқа құрылғылар жанында
- Бу немесе май оңай әсер етуі мүмкін асхана есептегіштерінің немесе дымқылдаушыларының жанында
- Жаңбыр немесе жел әсер ететін аймаққа
- Вазалар сияқты су ыдыстарының жанында

Әйтпесе, бұл өртке, электр тогының соғуына, дұрыс емес жұмыс істеуге немесе өнімнің деформациялануына әкелуі мүмкін.



Өнімді шаң жиналатын жерге қоймаңыз. Бұл өрт шығу қаупін төндіруі мүмкін.



Штепсель – ажырату құрылғысы. Штепсель пайдалануға дайын күйде қалуы керек.



Қуат штепселін сулы қолмен ұстамаңыз. Оған қоса, сымның істікшесі сулы болса немесе шаң басып тұрса, қуат штепселін толық құрғатыңыз немесе шаңды сүртіп тастаңыз. Шамадан тыс ылғалдылыққа байланысты сізді ток соғуы мүмкін.



Қуат сымын жерге қосылған ток көзіне жалғаңыз. (Жерге қосылған құрылғылардан басқа.) Сізді электр тогы соғуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.



Қуат сымын толық бекітіңіз. Егер қуат сымы толық бекітілмесе, өрт шығуы мүмкін.



Қуат сымының жылытқыш секілді ыстық заттарға тимеуін қадағалаңыз. Бұл өрт туындауына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Қуат сымдарының үстіне ауыр затты немесе өнімнің өзін қоймаңыз. Әйтпесе, өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.



Жаңбырдың ішке ағып кіруін болдырмау үшін ғимараттың ішінде және сыртында антенналарды бүгіңіз. Судың ағып кіруі өнім ішін зақымдауына және электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Теледидарды қабырғаға бекіткенде, теледидардың артындағы қуат және сигнал кабельдерін ілу арқылы теледидарды орнатпаңыз. Бұл өрт туындауына, электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Бір электр розеткасына тым көп электр құрылғыларын қоспаңыз. Әйтпесе, шамадан тыс қызуға байланысты өрт шығуы мүмкін.



Сыртқы құрылғыларды қосып жатқанда өнімді түсіріп алмаңыз немесе оның құлап кетуіне жол бермеңіз. Әйтпесе, бұл жарақат алуға немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.



Ылғалға қарсы материалдар бумасын немесе винил орауышты балалар қол жеткізе алмайтын жерде ұстаңыз. Ылғалдыққа қарсы материалды жұту зиянды. Абайсызда жұтып қойған жағдайда, науқасты құстырып, жақын ауруханаға апарыңыз. Оған қоса, винил орауыш тұншығудың себебі болуы мүмкін. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



Балалардың телевизорға жорғаламауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.
Әйтпесе, теледидар аударылып, баланы жарақаттауы мүмкін.



Бала жұтып қоймауы үшін пайдаланылған батареяларды тиісті түрде тастаңыз.
Бала жұтып қойған жағдайда дереу дәрігерге барыңыз.



Қуат кабелінің бір ұшы қабырға розеткасына сұғылып тұрғанда, екінші ұшына өткізгіш (металл таяқша сияқты) енгізбеңіз. Оған қоса, қуат кабелін қабырға розеткасына жалғай салысымен ұстамаңыз. Сізді электр тогы соғуы мүмкін. (Үлгіге байланысты)



Өнімнің жанына өртенгіш заттар қоймаңыз немесе сақтамаңыз. Өртенгіш заттарды ұқыпсыз пайдаланудан жарылыс немесе өрт шығу қаупі пайда болады.



Өнімнің ішіне тиын, шаш түйрегіштері секілді темір заттарды, таяқшалар немесе сымды, қағаз, шырпы секілді тез өртенгіш заттарды салмаңыз. Балаларға ерекше назар аудару керек Электр тогы соғуы, өрт шығуы немесе жарақат алынуы мүмкін. Егер өнімнің ішіне бөгде зат түсіп кетсе, оны өшіріп, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Өнімге су септеңіз немесе өртенгіш заттармен сүртпеңіз (еріткіш немесе бензол). Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Өнімнің соғылуына немесе бір нәрселердің үстіне құлап кетуін болдырмаңыз немесе экранын ұрмаңыз. Жарақаттануыңыз немесе өнім зақымдалуы мүмкін.



Өнімді немесе оның антеннасын ешқашан найзағай немесе дауыл кезінде ұстамаңыз.
Сізді электр тогы соғуы мүмкін.



Қабырға розеткасын, онда газ жылыстауы орын алса, ұстаманыз. Терезені ашып, бөлмені желдетіп алыңыз. Бұл өрт шығуына немесе ұшқын пайда болуына әкелуі мүмкін.



Өнімді өз бетіңізше бөлшектеуші, жөндеуші немесе өзгертуші болмаңыз. Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін. Тексерту, калибрлеу немесе жөндету үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Келесі жағдайлардың кез келгені орын алса, өнімді дереу ажыратып, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Өнімге соққы әсер етті
- Өнім зақымдалды
- Өнімге бөгде заттар кірді
- Өнімнен түтін немесе оғаш иіс шықты

Бұл өрт шығуына немесе электр тогы соғуына әкелуі мүмкін.



Егер өнімді ұзақ уақыт қолданбайтын болсаңыз, қуат кабелін өнімнен ажыратып тастаңыз. Шаңның жиналуы өрт шығуына немесе изоляцияның бұзылуы токтың жылыстауына, электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Аппаратқа су тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс немесе оның үстіне ваза секілді су құйылған заттарды қоюға болмайды.

Май немесе майлы ауа әсер етуі мүмкін болса, бұл өнімді қабырғаға орнатпаңыз.
Бұл өнімді зақымдауы және ол құлап түсуі мүмкін.



Егер су немесе басқа нәрсе өнімнің (айнымалы ток адаптері, қуат сымы, теледидар сияқты) ішіне кірсе, қуат сымын ажыратып, бірден қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Тек LG Electronics компаниясы мақұлдаған айнымалы ток адаптерін және қуат сымын пайдаланыңыз. Әйтпесе, өрт шығуы, тогы соғуы, дұрыс жұмыс істемеуі немесе өнім пішінінің бүлінуі мүмкін.



Ешқашан айнымалы ток адаптерін немесе қуат сымын бөлшектемеңіз. Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Адаптерді сыртқы шок алмау үшін, оны ұстағанда абай болыңыз. Сыртқы шок адаптерді зақымдауы мүмкін.



Қуат сымы теледидардың қуат ашасына қауіпсіз жалғанғанын тексеріңіз. (Үлгіге байланысты)

⚠ ЕСКЕРТУ



Өнімді радио толқындар пайда болмайтын жерге орнатыңыз.



Құлап түссе де антеннаның қуат желілеріне тимеуін қамтамасыз ету үшін сыртқы антенна мен қуат желілерінің арасында жеткілікті қашықтық болуы керек. Бұл ток соғу қаупіне себеп болуы мүмкін.



Өнімді тұрақсы сөрелер немесе көлбеу беттер сияқты орындарда орнатпаңыз. Сондай-ақ, діріл бар немесе өнім толығымен тұрмайтын орындарды пайдаланбаңыз. Әйтпесе, өнім құлап немесе аударылып, сізді жарақаттауы немесе өнімді зақымдауы мүмкін.



Теледидарды тірекке орнатсаңыз, өнімнің аударылуын болдырмау әрекеттерін орындау керек. Әйтпесе, өнім аударылып, сізді жарақаттауы мүмкін.

Мониторды қабырғаға орнату керек болса, VESA стандартты орнату интерфейсін (қосымша бөлшектер) өнімнің артқы жағына бекітіңіз. Қабырғаға орнату интерфейсін (қосымша бөлшектер) пайдаланып, теледидарды орнатқанда, түсіп кетпейтіндей мұқият бекітіңіз.

Тек өндіруші көрсеткен қосымша жабдықтарды қолданыңыз.



Антеннаны орнатқанда білікті қызмет көрсету маманнан кеңес алыңыз. Антеннаны дұрыс емес орнатсаныз, бұл өрт шығу қаупін немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Теледидарды көргенде экран диагоналінің ұзындығынан 2-7 еселік қашықтықты сақтау ұсынылады. Теледидарды ұзақ уақыт көргеннен кейін көзіңіз бұлдырауы мүмкін.



Тек көрсетілген батарея түрін пайдаланыңыз.
Бұл қашықтан басқару құралын зақымдауы мүмкін.



Жаңа батареяларды ескі батареялармен араластырмаңыз. Бұл батареялардың шамадан тыс қызуын және ағып кетуін тудыруы мүмкін.

Батареялар шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс, мысалы, тікелей күн сәулесі түспейтін, ашық от пен электр жылытқыштардан алыс жерде сақтаңыз.

Зарядталмайтын батареяларды зарядтағышқа салушы БОЛМАҢЫЗ.



Қашықтан басқару құралы мен сенсордың арасында еш нәрсе тұрмауын тексеріңіз.



Қашықтан басқару құралының сигналына күн сәулесі немес е басқа күшті жарық кедергі тигізуі мүмкін. Бұл жағдайда бөлмені күңгірттеңіз.



Бейне ойын консольдері сияқты сыртқы құрылғыларды жалғау алдында жалғау кабельдерінің ұзындығы жеткілікті екенін тексеріңіз. Әйтпесе, өнім құлап немесе аударылып, сізді жарақаттауы немесе өнімді зақымдауы мүмкін.



Өнімді қуат сымын қабырға розеткасына қосу немесе шығару арқылы қосып/өшірмеңіз. (Штепсельдік ұшты қосқыш ретінде пайдаланбаңыз.) Бұл механикалық ақаулық немесе сымнан электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Өнімнің шамадан тыс қызуын болдырмау үшін төмендегі орнату туралы нұсқауларды орындаңыз.

- Өнім мен қабырғаның арасындағы қашықтық 10 см көбірек болуы керек.
- Өнімді желдетілмейтін жерге (мысалы, кітап сөресіне немесе шкафқа) қоймаңыз.
- Өнімді кілем немесе жастық үстіне орнатпаңыз.
- Ауа тесігін төсемнің немесе перденің жауып тұрмағанын тексеріңіз.

Әйтпесе, бұл өртке әкелуі мүмкін.



Теледидарды ұзақ уақыт қарап отырған кезде желдеткіш тесіктеріне қолыңызды тигізбеңіз, себебі олар ыстық болуы мүмкін. Бұл өнімнің жұмыс жағдайына әсер етпейді.

Құрылғының сымын жиі тексеріп тұрыңыз. Егер ол зақымдалғанын немесе бұзылғанын көрсеңіз, сымды ажыратып, құрылғыны бұдан әрі пайдаланбаңыз және сымды өкілетті қызмет көрсету маманынан дәл сондай сымға ауыстырып алыңыз.



Штепсельдік ұшта немесе розеткада шаң жиналуын болдырмаңыз. Бұл өрт шығу қаупін төндіруі мүмкін.



Қуат сымын орау, бұрмалау, қысу, есікпен жабу немесе үстінен басу секілді физикалық немесе механикалық зақым тиюден қорғаңыз. Штепсельдерге, розеткаларға және құрылғыдан сым шығатын жерге ерекше көңіл бөліңіз.



Панелін қолыңызбен немесе тырнақ, қарындаш немесе қалам секілді өткір затпен қатты баспаңыз немесе үстін сырмаңыз.



Экранды ұзақ уақыт ұстамаңыз немесе саусақты (саусақтарды) тигізбеңіз. Олай істегенде, экранда уақытша бұрмалану орын алуы мүмкін.



Өнімді тазалаған кезде, қуат сымын розеткадан ажыратып, сырып алмау үшін жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз. Шамадан тыс қысым сызаттарды немесе түстің кетуін тудыруы мүмкін. Су бүркімеңіз немесе ылғалды шүберекпен сүртпеңіз. Өнімді және оның панелін зақымдауы мүмкін әйнек тазалағышын, көлік немесе өнеркәсіптік жылтыратқыш заттарды, абразивті заттарды немесе балауызды, бензинді, алкогольді, т.б. ешқашан пайдаланбаңыз. Әйтпесе, бұл өртке, электр тогының соғуына немесе өнімнің зақымдалуына (деформация, тот басу немесе бұзылу) әкелуі мүмкін.

Бұл өнім айнымалы ток розеткасына қосылатын болғандықтан, ол айнымалы ток көзінен ҚОСҚЫШ арқылы сөндірсеңіз де, ажыратылмайды.



Кабельді ажыратқанда, штепсельден ұстап ажыратыңыз. Қуат кабельдерінің ішіндегі сымдар ажыратылса, бұл өрт тудыруы мүмкін.



Өнімді жылжытқанда, алдымен қуатты өшіріңіз. Содан кейін, қуат кабельдерін, антенна кабельдерін және барлық жалғау кабельдерін ажыратыңыз.
Теледидар немесе қуат сымы зақымдалып, бұл өрт немесе электр тогының соғу қаупін тудыруы мүмкін.



Өнімді жылжытқанда немесе орауыштан шығарғанда, жұп болып жұмыс істеңіз, өйткені өнім ауыр. Әйтпесе, бұл жарақат алуға әкелуі мүмкін.



Бүкіл қызмет көрсетуді білікті қызмет көрсету қызметкерлеріне жіберіңіз. Өнім қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, жабдыққа жаңбыр немесе ылғалды заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.



Ұстағанда, өнім салқын көрінсе, қосылғанда өнім «жыпылықтауы» мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, өнімдегі ақау емес.



Бұл панель миллиондаған пиксельдерді қамтитын озық технологиялы өнім болып табылады. Панельде өлшемі 1 б/м майда қара нүктелерді және/немесе жарық түсті нүктелерді (қызыл, көк немесе жасыл) көруіңіз мүмкін. Бұндай дыбыстың шығуы өнімнің жұмыс сапасы мен сенімділігіне әсер етпейді.
Сондай-ақ, бұл құбылыс үшінші тарап өнімдерінде орын алады және алмастыруға немесе ақшаны қайтаруға жатпайды.



Көру күйіне (сол/оң/үсті/асты) байланысты панельдің әр түрлі жарықтығын және түсін табуға болады.
Сондай-ақ, бұл құбылыс панельдің сипаттамасына байланысты орын алады. Ол өнімнің жұмысына қатысты емес, әрі ақаулық болып табылмайды.

Қозғалыссыз сұретті ұзақ уақыт бойы көрсетіліп, бұл суреттің қалып қою мүмкін. Ұзақ уақыт бойы теледидар экранның қозғалыс суретті көрсеткен тұруына жол бермеңіз.

Шығарылған дыбыс

Тырс еткен дыбыс: теледидарды көріп отырғанда немесе өшіргенде шығатын дыбыс, температура мен ылғалдылыққа байланысты пластикалық жылу сығылуы нәтижесінде пайда болады. Бұл дыбыс — температура деформациясы талап етілетін барлық өнімдер үшін ортақ құбылыс. Электр тізбегінің гүілдеген/панельдің дызылдаған дыбыс шығаруы: өнімді істету үшін токтың үлкен мөлшерін жеткізгенде, жылдамдығы жоғары коммутация схемасынан шығады. Өнімге байланысты әртүрлі болады.
Бұндай дыбыстың шығуы өнімнің жұмыс сапасы мен сенімділігіне әсер етпейді.

Теледидар жанында жоғары кернеулі электрік құрылғыларды пайдаланбаңыз (мысалы, электр маса өлтіргішті). Бұл өнім жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Дайындау

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар зауыттан жеткізілгеннен кейін бірінші рет қосылса, теледидарды баптандыру бірнеше минутқа созылуы мүмкін. (Үлгіге байланысты)
- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Теледидардың экрандық дисплейі нұсқаулықта көрсетілгеннен сәл өзгешелеу болуы мүмкін.
- Бар мәзірлер мен опциялар сіз қолданатын кіріс көзінен немесе өнім үлгісінен өзгешелеу болуы мүмкін.
- Болашақта бұл теледидарға жаңа мүмкіндіктер қосылуы мүмкін.
- Өніммен бірге берілген заттар оның үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны өнім функцияларының жетілдіруіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Оңтайлы байланыс болу үшін, HDMI кабельдері және USB құрылғылары ұштарының қалыңдығы 10 мм-ден және ені 18 мм-ден аспауы керек. USB кабелі немесе USB жад картасы теледидардың USB портына сай келмесе, USB 2.0 қолдайтын ұзарту кабелін пайдаланыңыз.



- HDMI логотипі жабыстырылған сертификатталған кабельді пайдаланыңыз.
- Сертификатталған HDMI кабелін пайдаланбасаңыз, экран көрінбеуі немесе байланыс қатесі орын алуы мүмкін. (Ұсынылған HDMI кабель түрлері)
  - Жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі (3 м немесе одан қысқа)
  - Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі (3 м немесе одан қысқа)
- Феррит өзегін пайдалану әдісі (Үлгіге байланысты)
  - Қуат кабеліндегі электрмагниттік кедергілерді азайту үшін феррит өзегін пайдаланыңыз. Қуат кабелін феррит өзегіне бір рет орыңыз.

[қабырға розеткасына] [теледидарға]



10 см (+ / -2 см)

- Бұл смарт теледидар VOD көру қызметіне арналған, кейбір смарт функциялар, оның ішінде веб-шолғышты қоса, қолдамауы мүмкін. (Тек LH57**)

ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, мақұлданбаған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Мақұлданбаған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе залал кепілдікке кірмейді.
- Кейбір модельдердің экранына жұқа қабат бекітілген және оны алып тастау керек.
- Тіректі теледидарға бекіткен кезде, экран сырылып қалмауы үшін оның бетін төмен қаратып, төсем төселген үстелге немесе тегіс бетке қойыңыз.
- Бұрандалардың дұрыс кіргізіліп, мықтап қатайтылғанын тексеріңіз. (Егер олар жеткілікті дәрежеде мықтап қатайтылмаса, теледидар орнатылғаннан кейін алға қарай еңкейіп қалуы мүмкін.) Бұрандаларға тым көп күш жұмсап, тым қатты тартпаңыз, әйтпесе бұранда бүлініп, дұрыс бұралмауы мүмкін.

Теледидарды көтеру және жылжыту

Теледидарды жылжытқанда немесе көтергенде, теледидарды сырылу және зақымнан қорғап, түріне және көлеміне қарамастан қауіпсіз түрде тасымалдау үшін, төмендегі ақпаратты оқыңыз.

- Теледидарды зауытта салынған қорабында немесе орамында тасымалдаған жөн.
- Теледидарды жылжыту немесе көтеру үшін, алдымен қуат сымын және барлық кабельдерді ажырату керек.
- Теледидарды ұстағанда, зақымды болдырмау үшін экран сізге қарамай тұруы керек.



- Теледидар жақтауының жоғарғы жағы мен түбін жақсылап ұстаңыз. Мөлдір бөлікті, динамикті немесе динамик торының аймағын ұстамаңыз.



- Үлкен теледидарды кемінде 2 адам тасымалдауы керек.
- Теледидарды қолмен тасымалдағанда, төмендегі суретте көрсетілгендей ұстау керек.



- Тасымалдағанда, теледидарды қатты шайқамаңыз.
- Тасымалдағанда, теледидарды тігінен ұстаңыз. Жанына жатқызбаңыз және сол немесе оң жағына қарай еңкейтпеңіз.
- Жақтау шассиін иетін/майыстыратындай шамадан тыс күш салмаңыз, себебі бұл экранды зақымдауы мүмкін.
- Теледидарды ұстағанда шығыңқы түймелерді зақымдап алмаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Экранды ұстауды ешқашан болдырмаңыз, өйткені бұл экранның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Теледидарды жылжытқанда, кабель ұстағышынан ұстамаңыз: ол үзіліп, жарақаттауы немесе теледидарды зақымдауы мүмкін.

Түймені пайдалану

(Үлгіге байланысты)

Түймені басу немесе жылжыту арқылы теледидар функцияларын оңай басқаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- LH57/59 серияларында джойстик функциялары жоқ, бірақ қуатты Қосу/Өшіру түймесі ғана бар.



Негізгі функциялар

		Қуатты қосу (Басу) Қуатты өшіру (Басып тұру)[1]
		Дыбыс деңгейін басқару
		Бағдарламаларды басқару

1 Барлық ашық қолданбалар жабылып, қандай да бір жүріп жатқан жазу тоқтайды.

Мәзірді реттеу

Теледидар қосылып тұрғанда ⏻ түймесін бір рет басыңыз. Түймелерді басу немесе жылжыту арқылы Мәзір элементтерін реттеуге болады.

⏻	Қуатты өшіру.
✕	Экрандағы дисплейлерді кетіріп, теледидарды көру режиміне қайтарады.
	Сигнал көзін өзгертеді.
⚙	Реттеулер мәзірін ашады.

Үстелге орнату

1 Теледидарды көтеріп, үстелге тігінен қойыңыз.

- Тиісті түрде желдету үшін, қабырғадан 10 см (ең азы) бос орын қалдырыңыз.



2 Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Теледидарды жылу көзінің жанына немесе үстіне қоймаңыз. Өрт шығуы немесе басқа зақым орын алуы мүмкін.

ҚАЗАҚША

Теледидарды қабырғаға бекіту

(Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес.)



1 Сақиналы болттарды немесе теледидардың артқы жағындағы кронштейндер мен болттарды кіргізіп, тартыңыз.

- Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға кронштейндерін болттармен қабырғаға бекітіңіз.
Теледидар артындағы қабырға кронштейні мен сақиналы болттардың орнын сәйкестендіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға кронштейндерін мықты баумен тартып байлап қойыңыз. Бауды тегіс бетке көлденеңінен ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Балалардың теледидарға шықпауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар теңселмей тұратын мықты және үлкен үстел немесе түпқойманы пайдаланыңыз.
- Кронштейн, тростар, болттармен жабдықталмайды. Қосымша керек-жарақтарды жергілікті диллерлерден бөлек сатып алуыңызға болады.

Қабырғаға орнату

Теледидардың артындағы қабырғаға бекіту кронштейнін орнатып, кронштейнді еденге перпендикуляр қабырғаға орнатыңыз. Теледидарды басқа құрылыс бөліктеріне орнату үшін, білікті мамандарға хабарласыңыз. LG компаниясы қабырғаға бекітуді білікті кәсіби орнатушы орындауын ұсынады. LG компаниясының қабырғаға бекіту кронштейнін пайдалануды ұсынамыз. LG компаниясының қабырғаға бекіту кронштейнін жалғанған кабельдермен жылжыту оңай. LG компаниясының қабырғаға бекіту кронштейнін пайдаланбағанда, құрылғы мен қабырға арасында сыртқы құрылғыға үшін қосылым жеткілікті орынды қамтамасыз ететін кронштейнін пайдаланыңыз. Қабырғаға бекіту кронштейндерін орнатпастан бұрын барлық кабельдерді жалғауға кеңес береміз.жалғауға кеңес береміз.



Міндетті түрде VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз. Қабырғаға бекіту жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Бөлек сатылады (қабырғаға бекіту қапсырмасы)

Үлгі	32/43LH57** 32/43LH59** 32/40/43LH60** 32/43LH61**	49LH57** 49LH59** 49/55LH60** 49/55LH61**
VESA (A x B) (мм)	200 x 200	300 x 300
Стандартты бұранда	M6	M6
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW240B MSW240	LSW350B MSW240
Үлгі	55LH57** 55LH59**	
VESA (A x B) (мм)	400 x 400	
Стандартты бұранда	M6	
Бұрандалар саны	4	
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW440B MSW240	



ЕСКЕРТУ

- Теледидарды қабырғаға бекітпестен бұрын тіректі бекітуді керісінше орындау арқылы тіректі алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қабырға кронштейнін орнатқан кезде жабысқақ жапсырманы немесе қорғаныс жабынын қолданыңыз. Жабысқақ жапсырма немесе қорғаныс жабыны саңылауды шаң мен кір жиналудан қорғайды. (Тек жапсырма немесе жабын берілгенде)







- Қабырғаға бекіту кронштейнін орнатқанда, шаңның және жәндіктердің келуін болдырмау мақсатында тіректің саңылауын таспамен жабу ұсынылады. (Үлгіге байланысты)



- Теледидарға үшінші тараптың қабырғаға бекіту кронштейнін бекіткенде, қабырғаға бекіту қабаттарын теледидарды бекіту тесіктеріне салып, теледидарды тік бұрышпен дұрыстаңыз. (Тек келесі түрдегі зат қамтамасыз етілгенде)



- Тірек пішініне байланысты төменде көрсетілгендей тірек қақпағын шығарып алу үшін жалпақ құрылғыны пайдаланыңыз. (Мысалы, жалпақ бұрағыш)
(Тек келесі түрдегі зат қамтамасыз етілгенде)



Байланыстар (хабарландырулар)

Теледидарға әр түрлі сыртқы құрылғыларды жалғап, сыртқы құрылғыны таңдау үшін, кіріс сигналы режимдерін ауыстырып қосыңыз. Құрылғының сырртқы қосылымы туралы қосымша ақпарат алу үшін әр құрылғымен бірге берілетін нұсқаулықты қараңыз.

Қолдануға болатын сыртқы құрылғылар: HD ресиверлері, DVD ойнатқыштары, бейнемагнитофондар, дыбыстық жүйелер, USB жад құрылғылары, компьютерлер, ойын құрылғылары және басқа да сыртқы құрылғылар.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы құрылғыны жалғау түрі үлгіге қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Теледидарға сыртқы құрылғыларды теледидар портының ретіне қарамастан жалғаңыз.
- Егер теледидар бағдарламасын DVD рекордеріне немесе бейнемагнитофонға жазсаңыз, теледидардың сигнал кіріс кабелін теледидарға міндетті түрде DVD рекордері немесе бейнемагнитофон арқылы жалғаңыз. Жазу туралы қосымша ақпаратты жалғанған құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.
- Пайдалану туралы нұсқауларды сыртқы құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.
- Ойын құрылғысын теледидарға жалғаған кезде, құрылғымен бірге жабдықталған кабельді қолданыңыз.
- Компьютер режимінде ажыратымдылық, тік өрнек, түс контрасты немесе жарықтыққа байланысты кедергілер тууы мүмкін. Шу бар болса, компьютер шығысын басқа ажыратымдылыққа немесе жаңалау жиілігін басқа жиілікке өзгертіңіз немесе СУРЕТ мәзіріндегі жарықтық және түс контрастын бейне таза болғанға дейін реттеңіз.
- Компьютер режимінде кейбір ажыратымдылық параметрлері графикалық тақтаға байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Антеннаны жалғау

RF кабелі (75 Ω) арқылы теледидарды қабырғадағы антенна ұясына жалғаңыз.

- 2-ден көп ТД пайдалану үшін сигнал сплиттерін пайдаланыңыз.
- Егер бейне сапасы нашар болса, оны жақсарту үшін сигнал күшейткішін тиісті түрде орнатыңыз
- Егер антенна қосылған күйде бейне сапасы нашар болса, антеннаның бағытын түзетіңіз.
- Антенна кабелі және конвертер қамтамасыз етілмеген.
- Қолдау көрсетілетін DTV аудио: MPEG, Dolby Digital, Dolby Digital Plus, HE-AAC

Жерсерік тәрелкесі қосылымы

(Тек жерсерік үлгілері)

Теледидарды жерсеріктің ұяшығына жерсерік RF кабелімен (75 Ω) жалғаңыз.

CI модулінің қосылымдар

(Үлгіге байланысты)

Шифрленген (ақылы) қызметтерді сандық теледидар режимінде көру.

- CI модулінің PCMCIA карта ұясына дұрыс салынғанын тексеріңіз. Егер модуль сәйкесінше енгізілмесе, теледидар немесе PCMCIA карта ұяшығына зақым келуі мүмкін.
- CI+ CAM қосылғанда теледидарда ешбір бейне немесе аудио көрсетілмесе, Жер/Кабель/Жерсерік қызмет операторымен хабарласыңыз.

USB байланысы

Кейбір USB жадтары жұмыс істемейді. USB жады арқылы жалғанған USB құрылғысы анықталмаса, оны теледидарға тікелей USB порты арқылы жалғаңыз.

Басқа қосылымдар

Теледидарды сыртқы құрылғыларға қосыңыз. Сурет пен дыбыс сапасы барынша жақсы болу үшін, сыртқы құрылғы мен теледидарды HDMI кабелімен жалғаңыз. Кейбір бөлек кабель берілмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолдау көрсетілетін HDMI аудио пішімі :
  Dolby Digital (32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц),
  DTS (44,1 кГц, 48 кГц),
  PCM (32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц, 96 кГц, 192 кГц)
  (Үлгіге байланысты)

Қашықтан басқару құралы

(Үлгіге байланысты)

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге негізделген.Берілген нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.

Батареяларды (1,5 В AAA) ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, батареяларды ⊕ және ⊖ жақтарын ішіндегі белгілерге келтіріп салыңыз да, батарея қақпағын жабыңыз. Батареяларды алу үшін орнату әрекеттерін кері ретпен орындаңыз.

Қашықтан басқару құралын теледидардағы қашықтан басқару датчигіне қарай бағыттаңыз.



A

⏻ **(ҚУАТ)** Теледидарды қосады немесе өшіреді.
TV/RAD Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.
1 , 4 **(KIPIC)** Сигнал көзін өзгертеді. (Үлгіге байланысты)
1 , 4 **SUBTITLE** Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады. (Үлгіге байланысты)
2 **(Жылдам параметрлер)** Жылдам параметрлер мәзіріне өткізеді. (Үлгіге байланысты)
2 **AD** AD түймесін басу арқылы дыбыс сипаттамалары функциясы қосылады. (Үлгіге байланысты)
3 **INFO** Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
3 **LIVE ZOOM** Таңдалған аймақта үлкейту арқылы оны толық экранда көруге болады. (Үлгіге байланысты)
3 **RATIO** Бейненің өлшемін өзгертеді. (Үлгіге байланысты)

B

Сан түймелері Сандарды енгізеді.
Әріпті түймелер Әріптерді енгізеді. (Үлгіге байланысты)
LIST Сақталған бағдарламалар тізімін көрсетеді.
␣ (Бос орын) Экран клавиатурасындағы бос орынды ашады. (Үлгіге байланысты)
5 , 7 **GUIDE** Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
5 **Q.VIEW** Алдыңғы көрілген бағдарламаға қайтады. (Үлгіге байланысты)
+◿ ─ Дыбыс деңгейін реттейді.
6 **INFO** Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
6 , 7 **(ІЗДЕУ)** Теледидар бағдарламалары, фильмдер және басқа бейнелер сияқты контентті іздеңіз немесе іздеу ұяшығына іздеу шарттарын енгізу арқылы веб-іздеу әрекетін орындаңыз. (Үлгіге байланысты)
6 **FAV** Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
(ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ) Барлық дыбысты өшіреді.
∧ **P** ∨ Сақталған бағдарламалар немесе арналар бойынша жылжиды.
∧ **PAGE** ∨ Алдыңғы немесе келесі экранға өтеді.



C

8 **RECENT** Алдыңғы журналды көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
8 , 9 , 10 , 11 , 12 , 13 **Телемәтін түймелері** (**TEXT, T.OPT**) Бұл түймелер телемәтін үшін пайдаланылады. (Үлгіге байланысты)
(Бастапқы) Бастапқы мәзірлерін ашады.
9 **LIVE MENU** «Ұсынылған», «Бағдарлама», «Іздеу» және «Жазылған» тізімін көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
10 , 12 **BACK** Алдыңғы деңгейге қайтады. (Үлгіге байланысты)
10 **(Жылдам параметрлер)** Жылдам параметрлер мәзіріне өткізеді. (Үлгіге байланысты)
11 , 13 **EXIT** Экрандық дисплейді тазалап, теледидар көруге оралады. (Үлгіге байланысты)
11 **Q.MENU** Жылдам мәзірлерді көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
Жылжу түймелері (жоғары/төмен/солға/оңға) Мәзірлер мен параметрлерді жылжиды.
OK Мәзірлер мен параметрлерді таңдап, енгізуді растайды.

D

14 **AD** AD түймесін басу арқылы дыбыс сипаттамалары функциясы қосылады. (Үлгіге байланысты)
14 **INFO** Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
15 **REC/** Жазуды бастап, жазу мәзірін көрсетіңіз. (Тек Time Machine Ready қолдайтын үлгіде) (Үлгіге байланысты)
15 **LIVE ZOOM** Таңдалған аймақта үлкейту арқылы оны толық экранда көруге болады. (Үлгіге байланысты)
15 **SLEEP** Автосөндіру таймері орнатыңыз. (Үлгіге байланысты)
15 **APP/** MHP TV мәзірінің көзін таңдаңыз. (Үлгіге байланысты)
16 **LIVE TV** Тікелей эфирге қайтарады. (Үлгіге байланысты)
Басқару түймелері (■, ▶, II, ◀◀, ▶▶) Мультимедиалық мазмұнды басқарады.
Түсті түймелер Бұлар кейбір мәзірлердегі арнайы функцияларға қатынасады.
(: қызыл, : жасыл, : сары, : көк)

Лицензиялар

Қолдау көрсетілетін лицензиялар модельге қарай әр түрлі болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты *www.lg.com* торабынан қараңыз.

DOLBY DIGITAL PLUS
HDMI HIGH-DEFINITION MULTIMEDIA INTERFACE
dts-HD

Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін *http://opensource.lge.com* веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы тарату шығынын қамтитын ақыға (дерек тасығышының құны, жеткізу және өңдеу) opensource@lge.com мекенжайына электрондық пошта арқылы сұрау жіберілгенде бастапқы кодты ықшам дискіде жеткізуді ұсынады. Бұл ұсыныс осы өнімді сатып алған уақыттан бастап үш (3) жыл ішінде жарамды болады.

Сыртқы басқару құрылғысын орнату

Сыртқы басқару құрылғысын орнату туралы мәліметтер алу үшін, *www.lg.com* торабына кіріңіз.

Ақаулықтарды жою

Теледидарды қашықтан басқару құралымен басқару мүмкін емес.

- Өнімдегі қашықтан басқару құралының сенсорын тексеріп, қайтадан көріңіз.
- Өнім мен қашықтан басқару құралының арасында кедергінің жоқ екенін тексеріңіз.
- Батареялардың жұмыс істеп тұрғанын және дұрыс орнатылғанын (⊕ жағын ⊕ жағына, ⊖ жағын ⊖ жағына).

Бейне көрсетілмейді және дыбыс шықпайды.

- Өнімнің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Қуат сымының розеткаға қосылғанын тексеріңіз.
- Басқа өнімдерді жалғап, розетканың ақаулы емес екенін тексеріңіз.

Теледидар кенет өшіп қалады.

- Қуатты басқару параметрлерін тексеріңіз. Қуат көзі ажыратылуы мүмкін.
- **Таймерлер** параметрлерінде **Автосөндіру таймері** / **Таймер қуаты өшірулі** мүмкіндігі белсендірілгенін тексеріңіз.
- **Жалпы** -> **ECO РЕЖИМІ** параметрлерінде **Автоматты өшіру** опциясы қосылғанын тексеріңіз. (Үлгіге байланысты)
- Теледидар қосылып тұрғанда, сигнал болмаса, онда 15 минут әрекетсіздіктен кейін, теледидар автоматты түрде өшеді.

Компьютерге жалғағанда (HDMI), «No signal» (Сигнал жоқ) немесе «Invalid Format» (Формат дұрыс емес) хабары шығады.

- Қашықтан басқару құралы арқылы теледидарды өшіріп қосыңыз.
- HDMI кабелін қайта жалғаңыз.
- Теледидар қосулы кезде компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.

Техникалық сипаттар

Сымсыз модулінің техникалық сипаттары

